ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 желтоқсан № 4360-25-00-2/2629 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.А.Садуақасова,
сот отырысының хатшысы А.К.Сералиевтің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан республикасы ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Amal Kazyna» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай- ЖШС-нің)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айып өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Абжалиева
жауапкер өкілі А.Булегенов
прокурор Сырбайқызы Л.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 28 маусымда талап қоюшы мен жауапкер №71 «қбп» (қызмет бабында пайдалану) ерекше тәртіп қолданылатын мемлекеттік сатып алу шартын жасаған. Шарт Қазынашылық департаментіне 2025 жылғы 24 шілдеде тіркелген.

Шарт бойынша қазынашылыққа тіркелгеннен кейін 45 (қырық бес) күн ішінде тапсырып берушіге тауарларды 2025 жылдың 8 қыркүйегіне дейін жеткізу міндетті болған.

Дегенмен, жауапкермен шартта көрсетілген мерзімде жеткізілмеген. Алайда аталған шарт 2025 жылғы 10 қарашада біржақты бұзылған.

Талап қоюшы жоғарыда аталған талабымен сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Сотта талап қоюшы өкілі талапты қуаттап, талаптың тұрақсыздық айып өндіру бөлігінен бас тартатынын, талаптың мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған бөлігін қуаттайтындығын көрсетті.

Жауапкер өкілі талап қоюмен келіспейтінін, тұрақсыздық айыпты толығымен орындағанын, қарсы пікірідегі уәждерін қолдап талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Іс бойынша іске қатысушы прокурор талапты қанағаттандыру туралы қорытынды берген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК-нің) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт бойынша 33 дана 3-сыныпты БР қорғаныш жилетінің жалпы құны 9 566 370 теңге, 24 дана қорғаныс қалқандарының жалпы құны 4 752 000 теңге, 16 дана соққыға қарсы қалқанның жалпы құны 1 440 000 теңге, 49 дана оққа төзімді бетперделі дулығаның жалпы құны 13 720 000 теңге барлығы 29 478 370 теңгенің тауарын жеткізбеген осы негізде талап қоюшы сотқа жүгінген.

Алайда, жауапкер тарапынан бүгінгі танда талап қоюшымен көрсетілген кемшіліктер жойылған туралы қандай да дәлелдемелер мүлдем сотқа ұсынбаған, шарт қазіргі таңда бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 30.12.2025

4360-25-3-1/2736

Талап қоюшының талабы жоғарыда аталған шартпен, оның қосымшаларымен, мемлекеттік веб арқылы ұсыныс хаттарымен және т.б. құжаттармен дәлелденеді.

Сот, талап қоюшы өкілінін түсінігін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, жауапкер Шартта көрсетілген міндеттемесін орындамауына байланысты, Заңның 8-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес талап қоюы негізді деп санап, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (әрі карай-АПК-нің)117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне сот шығыны 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша

Талап қоюшы сотта талап қоюдың тұрақсыздық айып өндіру бөлігінен бас тартып оны соттың қабылдауын сұраған.

АПК-нің 277-бабының 4) тармағында сот талап қоюшының талап коюдан бас тартуын қабылдаса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға негіз болады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226,277 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан республикасы ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Amal Kazyna» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Amal Kazyna» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Amal Kazyna» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Талап қоюшының талаптың тұрақсыздық айып өндіру туралы бөлігінен бас тартуы қабылдансын.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, бір ай ішінде АПК-нің 403,404-баптарының талаптарына сай Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **К.А.Садуақасова**

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 30.12.2025

1360-25-3-1/2736

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 30.12.2025

4360-25-3-1/2736